

**Қазақстан Республикасының ғылым мен техника саласындағы 2007 жылғы  
Мемлекеттік сыйлығын беру туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 3 желтоқсандағы N 451 Жарлығы

Қазақстан Республикасының ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның ұсыныстарын қарап, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының ғылым мен техника саласындағы 2007 жылғы Мемлекеттік сыйлығы мына авторларға:

1) "Спектрлік теория және оның қолданылуы" тақырыбындағы жұмыстар циклі  
ү ш і н :

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті кафедрасының профессоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, физика-математика ғылымдарының докторы Мұқтарбай Өтелбаевқа;

2) "Қазақстанда табиғи сесквитерпенді лактондар химиясын зерттеуді, олардың негізінде дәрілік заттар жасауды, бірегей отандық фитопрепараттардың өнеркәсіптік өндірісін ұйымдастыруды дамыту" жұмысы үшін:

"Фитохимия" ғылыми-өндірістік орталығы" акционерлік қоғамының президенті, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, химия ғылымдарының докторы, профессор Серғазы Мыңжасарұлы Әдекеновке;

"Фитохимия" ғылыми-өндірістік орталығы" акционерлік қоғамының зертхана меңгерушісі, фармацевтика ғылымдарының кандидаты Қорлан Есқожақызы И т ж а н о в а ғ а ;

"Фитохимия" ғылыми-өндірістік орталығы" акционерлік қоғамының бас ғылыми қызметкері, химия ғылымдарының докторы, профессор Альфред Давыдович К а г а р л и ц к и й г е ;

Ж.Әбішев атындағы Химия-металлургия институтының зертхана меңгерушісі, химия ғылымдарының кандидаты Марат Нығметжанұлы Мұхаметжановқа (марқұм);

Қарағанды мемлекеттік медициналық академиясының кафедра меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Қани Мұсылманбековке;

"Биологиялық бақылау сертификаттау және клиника алдындағы зерттеулер орталық зертханасының" директоры, медицина ғылымдарының докторы, профессор Қайролла Д ү й с е н б а й ұ л ы Р а х ы м о в қ а ;

Қарағанды мемлекеттік медициналық академиясының кафедра меңгерушісі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Валентина Брониславовна Сиротаға;

"Фитохимия" ғылыми-өндірістік орталығы" акционерлік қоғамының зертхана меңгерушісі, химия ғылымдарының докторы, профессор Қобланды Мүбәрақұлы Тұрдыбековке.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК